

“ЖЕҢІС ЗЫМЫРАНЫ” ҰШТЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

АХАТОВ ТУРИЗМГЕ АЛАҢДАП ОТЫР...

Облыс әкімінің мәжілісінде көтерілген туристік саланы дамыту және цифрландыру мәселесі бойынша Қызылорда шаһары басшысы Нұржан Ахатов жиын өткізіп, тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктеді.

- Қаламызға туристік бағытта өзге өңірлердің қызығушылығын арттыру үшін халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартып, жергілікті өнімдердің ассортиментін ұсыну, тарихи орындарға турлар жасау бойынша нақты шаралар қабылдау керек.

Сондай-ақ, интернет кеңістігіне шаһардың тарихи деректерін, көрікті жерлердің жаңартылған фотоларын, бейнероликтерін енгізу қажет. Бұл да туризмді цифрландырудың қадамы, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Мәжілісте туристердің қонақ үйлерге booking порталы арқылы алдын ала тапсырыс беруін оңтайландыру да айтылып, тапсырмалар хаттамаға енгізілді.



СӘРМЕНБАЕВ СУПЕРМАРКЕТТЕ САУДА ЖАСАЙДЫ МА?

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентіндегі «Серікбол», «Ризық» сауда орталықтарына барып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларына бақылау жүргізді.

Сауда орталығында аудан басшысы әлеуметтік маңызы бар өнімдер – ұн, нан, қант, күнбағыс майы, ет, көкөніс секілді тауарлардың бағасына ерекше назар аударды. Сауда нысандарының иелерімен жүргізілген әңгіме барысында бағаны негізсіз өсірмеу, тұрақты жеткізілім мен сапалы қызмет көрсету мәселелері сөз болды.

– Бақылау жұмыстарының басты мақсаты – нарықтағы жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындарға қолжетімді бағада сапалы өнімдер ұсынуға ықпал ету. Баға тұрақтылығы сақталуы қажет. Әлеуметтік маңызы өнімдердің бағасын негізсіз өсіруге болмайды. Азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру үшін апта сайын тиісті бөліммен мониторинг жұмыстары жүргізіліп отырады, – деді Берік Әбдіғалпұры.

Бүгінде дүкендер тауар бағасын өз бетінше белгілейді. Алайда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының өткізу құны өндірушінің немесе көтерме саудадағы бағадан 15 пайыздан аспауы тиіс.

ОБЛЫС ӘКІМІ АТЫНАН БАҒАЛЫ СЫЙЛЫҚТАР БЕРІП ЖҮР

«Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі» атты Жалағаш ауданы әкімінің дарынды оқушылармен кездесуі өтті.

Кездесуге жиылған республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен еркін форматта пікірлесіп, ашық диалог құрды.

– «Сіздер аудан, облыс, республикалық олимпиадада білімдеріңізді дәлелдеп, жеңімпаздар қатарынан көрініп келесіздер. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен қазіргі таңда өңіріміздің білім саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен аудандағы мектептер заман талабына сай жабықталды, бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасатын болады. Қазір білім аламын деген жастарға барлық жағдай жасалған. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшымыз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Экономиканы өркендетуде білікті мамандар әрқаз сұранысқа ие, сондықтан ауданда қазіргі еңбек нарығына қажетті мамандар тізімі жасақталды. Елдің болашағы өздеріңіз секілді білімді жастар. Алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуден сәтті өтіп, болашақта сұранысқа ие мамандықты меңгеріп шығуларыңызға тілектеспін, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Жиын соңында білім бөйгелерінде топ жарып жүрген озат оқушылар облыс әкімі атынан бағалы сыйлықтарға ие болып, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ЕРКІНБЕКТІҢ ЕРКІН КЕЗДЕСУІ

Қармақшы ауданындағы «Руханият» орталығында аудан әкімі Жандос Еркінбектің қатысуымен «Жастар – барлық өзгерістің бастауы» тақырыбында жастармен кездесу өтті.

Шара барысында «Білім берудегі өзгеріс: 1000 кәшбасшы» кадрлық резерві аясында №186 мектеп директоры қызметіне тағайындалған Ғалымжан Бауыржанұлы Кәрібаев сөз алып, білім саласындағы реформалар мен жаңа бастамалар жөнінде ой бөлісті.

Сонымен қатар ауданның мәдени өміріне белсене атсалысып жүрген Жыраулар үйінің үйірме жетекшісі, белгілі жырау Бүркітбай Ақсұңқар ұлттық өнердің маңызы туралы сөз сөйледі. Білім мен ғылым жолында жетістіктерге жетіп жүрген Тәйімбет Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейінің президенті, белсенді жас, үздік оқушы Орынбасар Ердәулет жаңа шығармашылық туындысының алғашқы басылымын аудан әкіміне табыстады.

ЖАНДАРБЕКОВ “ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУМЕН” БІРГЕ ЖҮР

Шиелі ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков құқық қорғау органдары басшыларымен жеке қабылдау өткізді.

“Руханият орталығында” өткен жеке қабылдауға аудандық сот судьясы Дархан Исабек, аудан прокуроры Нұрбек Қаратаев, аудандық полиция бөлімінің полиция подполковнигі Ғалымжан Мамбетов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің Шиелі аудандық бөлімшесінің бастығы Асқар Баймаханов және жауапты сала басшылары қатысты.

Аудан басшысы мәселелерді сала мамандарымен бірге мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданатынын жеткізді және жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді. Ал, құқық қорғау органдарының басшыларына, тұрғындар жер үлестері мен жерді рәсімдеу мәселелерін жеткізді. Тұрғындардың мәселелері қаралып, заңдылық аясында, реттілігіне қарай шешімін табатын болды.

ОҢҒАРБАЕВ КЕМШІЛІКТЕРДІ НЕГЕ ЖІПКЕ ТІЗДІ?

Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен арнайы мәжіліс өтіп, бірқатар өзекті деген мәселелер күн тәртібінде кеңінен талқыланды.

Жыл басынан бері ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін негізгі көрсеткіштері сала-

сала бойынша қаралып келе жатқаны белгілі. Бұл жолғы аппарат мәжілісінде ең ауқымды әрі маңызды сала құрылыс, автомобиль жол бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жиынның негізгі тақырыбына айналды.

Жиын барысында аудан басшысы А.Оңғарбаев саладағы бірқатар кемшіліктерді жіпке тізіп, құрылыс сапасына қатысты сын-ескертпелерден қысқа мерзім ішінде нәтиже шығару керектігін атап өтті.

2025 жылдың 3 айында Арал ауданының аумағында 2 жол-көлік оқиғалары тіркелді, оның салдарынан 2 адам қайтыс болып, 4 адам жарақат алған.

Кешкілік уақыттарда қала ішінде автокөлік жүргізушілерінің жол ережесін сақтамайтындығы азаймай тұр. Олардың басым бөлігі жастар. Бұл бойынша аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы заң аясында қатаң шаралар қабылдау керектігін атап өтіп, жол-көлік оқиғаларын алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

ШЕРМАҒАНБЕТ ЖОЛ ҚАРАП ЖҮР...

Қазалы ауданындағы Әлсейіт көпірі мен Бекарыстан би ауылы арасындағы жолды жөндеу жұмыстары басталды.

Биыл жыл соңына дейін Қазалы ауданы бойынша жақсы және қанағаттандырарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 92 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Осыған сәйкес бүгінде аудан аумағындағы жоспарланған жол жөндеу жұмыстарының бірқатары басталып кетті. Соның бірі – Әлсейіт көпірі мен Бекарыстан би елді мекенінің аралығындағы 6,5 шақырымды құрайтын жолға күрделі жөндеу жұмыстары.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет елді мекенге арнайы барып, аудандық маңыздағы жол құрылысы жұмыстарын көрді. Сондай-ақ мердігер мекеме «Қазалы Жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапты өкілімен кездесіп, жолдың бекітілген стандартқа сай сапалы болуын қадағалауды қатаң ескертті. Сонымен қатар, жол құрылысы өз мерзімінде аяқталу керектігін айтып, тиісті сала басшысына жол сапасын күнделікті бақылауды тапсырды.

Аудан әкімдіктерінің ресми парақшасынан



Биылғы жылдың сәуірінің 8-інде Астана уақыты бойынша сағат 10:47-де «Байқоңыр» ғарыш айлағының 31-ші алаңынан «Союз MS-27» басқарылатын көлік ғарыш кемесі бар «Союз 2.1» зымыран тасығышы ұшырылды. Бұл сапар Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды. Содан да «Союз 2.1» “Жеңіс зымыраны” деп аталды.

Халықаралық ғарыш стансасына (ХФС) кезекті, 73-ші ұзақ мерзімді экспедициямен ұшырылым жасаған кемелің бортында командир, бортинженер және экспедиция командирі, Роскосмос ғарышкері Сергей Рыжиков, кемелің 1-бортинженері, экспедиция бортинженері, Роскосмос ғарышкері Алексей Зубрицкий және кемелің 2-бортинженері, NASA астронавты Джонатан Ким бар.

Ұшыру процесі штаттық режимде өтті. Ұшу циклограммасына сәйкес, «Союз TM-27» ғарыш кемесінің зымыран тасығыштың үшінші сатысынан ұшырылғаннан кейін тоғыз минуттан соң ажырап, кеме Жердің жасанды серігі орбитасына шығарылды.

Ұшу процесі «Роскосмос» әлеуметтік желілерінде тікелей көрсетілді және зымыран ғарышқа ұшқан көктемгі қазақ даласының таңғажайып көрінісін тамашалауға мүмкіндік болды.

Ұлы Отан соғысының символы іспеттес “Отан-ана” ескерткіші бейнеленген бұл зымыранның ұшу сәтін 2,5 мың турист тамашалаған. Туристер арасында ғарышкерлер отбасы, тележүргізушілер, әртістер, блогерлер, компания топ менеджерлері, Қазақстан Парламентінің депутаттары, мектеп оқушылары болды.

Байқоңырдан тікелей репортаж жүргізушілердің айтуынша, ғарышкерлер өздерін жақсы сезінді.

«Союз TM-27» ғарыш кемесі ХФС-қа түіскеннен соң ғарышкерлер экспедициясы радиобайланыс арқылы баспасөз конференциясын берген. Тіпті жерден жіберілген хабарлар арасында ғарышкерлердің енесінің бірі “Сергей Николаевич, сізді мазалап тұрған енеңіз Калачикова Наталья Владимировна. Зымыран ұшқанын көру деген қандай керемет екенін сіз білесіз. Бір сәт дем тоқтағандай, Настя қауіміз қатып қалдық, айтып жеткізу мүмкін емес, бұл ғажайып жағдай болды.

Сіздер көпсіздер, дос болыңыздар, араздаспаңыздар, біз сіздерді күтеміз” деп сөлем жолдаған.

Экипаж ғарышта 245 тәулік болып, 50 сынақ өткізеді, сондай-ақ осы жылдың қазанында 2 рет ашық космосқа шығады деп күтілуде. 20-шы сәуірде жерге оралатын А.Овчининді, И.Вагнерді, америкалық Д.Петтитті екі ғарышкер мен астронавт ауыстырады. Баспасөз конференциясында Ұшуды басқару орталығы айтқандай жаңа экипаж барғаннан кейін бұрынғылар жерге оралуға тас-түйін дайын отыр...

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті.

Жиында аймақ басшысы Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жаңа басшысы Еркебай Ғалымжан Бақтығалиұлын таныстырды.

Ғалымжан Бақтығалиұлы 1981 жылы дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алған.

Еңбек жолын 1997 жылы «Шаған» агрофирмасында бастаған. Әр жылдары Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары бөлімдерінде жетекші маман, бас маман, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы, «Мемлекеттік қала құрылыс кадастры» мекемесі филиалының директоры, Қазалы, Сырдария аудандары әкімінің орынбасары, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары лауазымдарында абыройлы қызмет етті.

2022 жылдың тамыз айынан осы күнге дейін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

Облыс әкімі жаңа басшыға сәттілік тілеп, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы жұмыстарға тоқталды.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

– «Әріптесіміз мемлекеттік қызметте, басшылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған. Жаңа қызметіне байланысты бірқатар міндет жүктелді.

Мемлекеттік орман қоры аумағында өрттің алдын алу және оған қарсы күрес жоспарын жүзеге асыру, орман және су қорын, жануарлар дүниесі мен балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту, тиімді пайдалану өте маңызды. Арал төңірінің құрғаған ұлтанына сәкәсеуіл көшетін егу, тұқым себу жұмыстары да жүйелілікті талап етеді. Елді мекендердегі қоқыс полигондары мен сұрыптау кешендеріне қатысты жалпы жұмысты үйлестіріп, жаңадан жоспарланған полигондар құрылысының экологиялық талапқа сәйкестігін қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді.

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек Жолы» конкурсын 2025 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек Жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбіейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсқа құжаттар 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

- 1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- 2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- 3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- 4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбіейту рухында тәрбиелеу;
- 5) «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурстық жөніндегі анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) Үздік еңбек әулеті.

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жыныстық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып табылады.

Еңбек әулеті ауылдық, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) Өндірістің үздік жас маманы.

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккер өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады;

УЧАСТВУЙТЕ В РЕСПУБЛИКАНСКОМ КОНКУРСЕ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ»!

В соответствии с планом мероприятий по проведению конкурса «Еңбек жолы» объявляют о проведении республиканского конкурса «Еңбек Жолы» в 2025 году.

Конкурс «Еңбек жолы» определяет лучшие трудовые династии и работников производства, в целях воспитания молодежи в духе уважительного отношения к труду, сохранения и приумножения трудовых традиций.

Конкурс способствует повышению статуса Человека труда в обществе и стимулированию производительности труда под эгидой «Общества всеобщего труда».

Документы принимаются до 1 июля 2025 года.

Цели проведения конкурса:

- 1) сохранение преемственности поколений;
- 2) формирование позитивного общественного мнения о людях труда и создание условий для формирования новых трудовых династий на предприятиях и организациях;
- 3) воспитание у казахстанцев гордости за достижения соотечественников, внесших значительный трудовой вклад в развитие экономики Республики Казахстан;
- 4) воспитание молодежи в духе уважительного отношения к труду, сохранения и приумножения трудовых традиций;
- 5) повышение статуса Человека труда в обществе и стимулирования производительности труда под эгидой «Общества всеобщего труда».

Конкурс проводится ежегодно в 2 (два) этапа: региональный и республиканский.

В конкурсе могут участвовать все работники предприятий, вне зависимости от отрасли, за исключением государственных служащих.

На основании представленных участниками конкурса материалов республиканская и региональные комиссии по определению победителей конкурса определяют победителей по следующим номинациям:

1) Лучшая трудовая династия.

В данной номинации выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград.

Трудовая династия – группа работников одной организации, представляющая два и более поколения близких родственников одной семьи (один или оба супруга совместно с детьми или внуками), осуществляющая трудовую деятельность в настоящее время и имеющая суммарный стаж работы на данном предприятии не менее 20 лет. Главой династии признается представитель трудовой династии, ранее всех начавший трудовую деятельность.

Трудовая династия должна принимать активное участие в общественной жизни аула, района (города, области), содействовать профессиональной ориентации молодежи, пропагандировать свою профессию;

2) Лучший наставник работающей молодежи.

В данной номинации выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

3) Лучший молодой работник производства.

В данной номинации выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет;

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- 2) жеке куәліктің көшірмесін;
- 3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық емес бейнероликті (жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
- 4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хоббиі және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);
- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырган еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);
- 6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсынған хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Конкурсты өткізу мерзімдері: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек Жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиямен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумдарында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек Жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӘҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;

1-15 қыркүйек мерзіміне республикалық комиссиямен «Еңбек Жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;

қазан айына «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына» республикалық форумында марапаттау.

Нақты ақпарат пен кенесті келесі мекен жайдан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жерінің бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді сондай-ақ олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

Для участия в конкурсе представляются следующие документы:

Участники конкурса оформляют и представляют местным исполнительным органам областей, городов республиканского значения и столицы следующие материалы в двух экземплярах на бумажном и электронном носителе:

- 1) заявление об участии в конкурсе в произвольной форме с указанием номинации;
- 2) копия удостоверения личности;
- 3) видеоролик по теме номинации не более 1-2 минут (с демонстрацией рабочего места и навыков, при желании);
- 4) компьютерная презентация не более 1 минуты (в формате Microsoft Power Point) о конкурсанте (работа, семья, увлечение, хобби и т.п.);
- 5) копия трудовой книжки и иных документов, подтверждающих стаж работы каждого представителя трудовой династии или работника заверенная работодателем (справка с места работы);
- 6) рекомендательное письмо от работодателя или профсоюза.

При наличии (копии следующих документов): копии государственных или ведомственных наград, грамоты, благодарственные письма сертификаты о повышении квалификации (при наличии).

Документы на конкурс представляются на государственном или русском языках.

Сроки проведения конкурса:

- в срок с апреля по 1 июля прием заявок и материалов от претендентов на региональном уровне;
- в срок до 1 августа определение областной комиссией победителей регионального этапа республиканского конкурса «Еңбек Жолы»;
- в сентябре награждение победителей на региональных трудовых форумах;
- в срок до 10 августа направление материалов регионального этапа конкурса в МТСЗН РК для дальнейшего участия на республиканском этапе;
- в срок с 1-15 сентября определение республиканской комиссией победителей республиканского этапа конкурса «Еңбек Жолы»;
- в октябре месяце награждение победителей конкурса «Еңбек жолы» на Республиканском форуме «К Обществу Всеобщего Труда»;

В связи с этим, просим принять активное участие в республиканском конкурсе «Еңбек Жолы».

Подробную информацию и консультацию можно получить по следующему адресу:

Управление координации занятости и социальных программ Кызылординской области, расположенном по адресу: г.Кызылорда, ул.Бекзатхан Асқара, №47 каб. №212, тел. 26-38-20 или по месту жительства в отделах координации занятости и социальных программ районов и г. Кызылорда.

Призываем принять активное участие в конкурсе, как представителей трудовых династий, так и инициативных молодых работников, а также их наставников!

ИНСУЛЬТ

Инсульт – ми қанайналымының жігі бұзылысы, яғни ми қантамырларының бірінің үзілуі, түйілуі немесе тығыздалуы салдарынан орын алады. Науқасты күтуші адамға оның аурудың қай түрімен ауыратынын білу маңызды.

Геморрагиялық инсульт бұл гипертонияның асқынуы болып табылады. Жоғары қысымды көтере алмаған қан тамыры жарылады да, қан ми заттегіне келіп түседі. Құйылған қан миды басып, оны ісіндіреді және мидың бір бөлігі өледі. Мұндай инсульт көбінесе ауыр, күйзеліске толы күннен соң туындайды.

ОНЫ ҚАЛАЙ БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ?

Кешке қарай бас жарылып кетердей қатты ауырады. Заттардың барлығы қызыл түсті болып көріне бастайды, жүрек айнып, құсады, бас ауруы күшейеді – соққының алғашқы белгісі осындай. Сонан соң қимыл-қозғалыс, сөйлеу, сезгіштік қабілеттері бұзылады, құлақ естімеуден бастап, естен тануға, тіпті кома жағдайына дейін барады – ал бұл инсульттің өзі.

ҚАРТ АДАМДАРҒА ТӨН...

Ишемиялық инсульт: Бұл жағдайда тамыр өз қабырғасының тұтастығын сақтап қалады, алайда қанның ағымы тромбымен түйілуіне немесе тығыздалуына байланысты тоқтап қалады. Тромбылар – қантамыр қабырғасының жас ерекшелігіне қарай өзгерістері – кез келген ағзадағы қантамырды бітеп, жүрек, бүйрек, ми инфарктісіне алып келеді.

Қантамырлар жалпы қан ағысына келіп түсетін май тіндерінен де тығыздалуы мүмкін, мысалы, бұл жағдай ұзын түтікше тәрізді сүйектер сығанды да немесе толық адамдардың қуыстық операциялар кезінде орын алуы ықтимал. Газды эмболия - тамырлардың газ көпіршіктерімен тығыздалуы - өкпеге операция кезінде туындауы мүмкін. Жеке бастың шаруалары мен стресстер, ауа қысымының құбылмалылығы, қауіп, шаршау, зиянды әдеттер – ішімдік пен темекі, артық салмақ, қандағы қант деңгейінің күрт өзгеруі – ми қантамырларының ұзақ уақыт түйіліп, ишемиялық инсульт белгілерінің туындауына ықпал ететін факторлар. Көбінесе ишемиялық инсульт – қарт адамдарға тән. Ол көбінесе түнде немесе таңға қарай туындайды, бірнеше күн ағымында бірте-бірте дамуы мүмкін, ауыспалы сипатқа да не бола алады (шағын инсульт).

Инсультке байланысты ауытқулар тез арада жойылады, адам бірнеше айдан соң бұрынғы жұмысына орала алады. Басқа жағдайларда бұзылған қызметтердің қалпына келуі ұзаққа созылады. Инсульттен кейінгі қалпына келу үдерісі нәрестенің дамуының алғашқы айлары мен жылдарын еске түсіреді: алдымен аяқ-қол қимылдарын үйлестіреді, содан кейін

аунау, отыру, тұру, жүру амалдарын үйренеді, ағзаның шығару қызметі қатаң бақылауға алынады. Сонымен қатар әлеуметтік дағдылары да қалыптасады: сөйлеу қабілеті дамиды, адам өз бетінше тамақтануды, киінуді, жуынууды үйренеді, телефон, электр құралдарды менгереді, тұрғылықты үйін жайландырады. Инсультке шалдыққан адам да дәл осылай өмір сүруге қайта бейімделеді. Жас саби секілді ол да өз жақындарының сүйіспеншілігіне, қолдауына мұқтаж.

ИНСУЛЬТТЕН КЕЙІНГІ КҮТІМНІҢ ЖАҚСЫ БОЛУЫ АСА МАҢЫЗДЫ

Егер науқасқа жылы сөйлесек, оның сауығып кетуіне сенетінімізді сезіндірсек, бұл оған күш беріп, бойына сенім ұялатады. Бір науқастардың қозғалысы мен сөйлеу қабілеті инсульттен кейінгі алғашқы айлар апталар мен айлар ағымында қалпына келіп қойса, біреулердің қимыл-қозғалысы мен сөзі біршама қиындайды, ал тағы біреулерде айтарлықтай шектеулер қалыптасады. Сөйлеу мен қимыл-қозғалыстың қалпына келу дәрежесі, ең алдымен, бас миындағы осы қызметтерге жауапты аймақтардың зақымдану көлеміне байланысты. Зақымдану аймағы үлкен болған сайын, бұзылған қызметтердің қалпына келу барысы баяу әрі нашар жүреді. Инсульттен кейінгі оналту үдерісі алғашқы жылы қарқынды түрде жүреді, сонан соң біршама баяулайды, бұдан кейін негізінен науқасты бойындағы ақауларға бейімдеу жұмысы жүргізіледі. Егер инсультке шалдыққандардың қолы немесе аяғы әлі де нашар қимылдайтын болса, олар жаттығуларын жалғастырып, өздігінше әрекет ету дағдыларына ерекше көңіл бөлуі керек.

ОНЫ ҚАЛАЙ БОЛДЫРМАЙМЫЗ?

Инсульттің алдын алу (қайталануын болдырмау) үшін еңбек және демалыс тәртібін дұрыс орнату, дұрыс тамақтану, ұйқыны реттеу, отбасында және жұмыста жақсы психологиялық климат қалыптастыру, жүрек-қан тамырларының ауруларын: ишемиялық жүрек ауруын, гипертониялық ауруды дер кезінде емдеу керек. Ми қантамырларының микроциркуляциясын жақсартатын дәрілік препараттарды, сонымен қатар ми гипоксиясының (оттегі жетіспеуі) алдын алатын препараттарды қабылдау қажет. Инсульттің алдын алу шаралары қантамыр ауруына шалдыққан науқастарды жүйелі бақылап отыруды, тамақтану, ұйқы және демалыс ұйымдастыруды, ұйқыны реттеуді, жүрек-қан тамырларының ауруларын, әсіресе атеросклероз бен гипертониялық ауруларды өз уақытында және дұрыс емдеуді қамтиды.

И.А.ЕРЕЖИМБЕТОВА
көпбейінді қалалық аурухана
жансақтау бөлімінің аға меіпргері

АЛИМЕНТ ӨНДІРІЛДІ

Жалағаш аудандық сотында талап қоюшы Е.-ның жауапкер Р.-дан алимент өндіру туралы азаматтық ісі медиация тәртібімен реттелді. Талап қоюшы талабында жауапкер Р. өкесі болып табылатынын, қазіргі таңда өзінің жоғарғы оқу орнында күндізгі оқу бөлімінде білім алып жатқанын көрсетіп, өзі 21 жасқа толғанға дейін жауапкерден алимент өндіруді сұраған.

Істі негізінен қарау барысында тараптар медиативтік келісімге келіп, ол бойынша жауапкер талап қоюшыға 21-жасқа толғанға дейін ай сайын 30 АЕК мөлшерінде күтіп-бағу қаражатын төлеп тұруға міндеттенген. Сот ұйғарымымен дауды реттеу туралы медиативтік келісім бекітіліп, іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.

Жалағаш аудандық соты

ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН

10 ТӘУЛІККЕ ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қазалы аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 461-бабының 1-бөлігімен азаматша М.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азаматша М. Әйтеке би кентінде орналасқан бұрынғы күйеуінің үйіне жақын жерде жүріп, оның үйіне келіп, мазасын алып, ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзған. Сот отырысында М. кінесін толығымен мойындап, полиция органдарымен қолданған қорғау нұсқамасы талаптарын бұзғанына шын жүректен өкінетінін білдірді.

ӘҚБтК-нің 461-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу - он тәулікке әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Азаматша М.-ның әрекеті, іс-құжаттарына тіркелген полиция қызметкерінің баянатымен, жәбірленушінің арзымымен, түсінігімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен дәлелін тапты. Қазалы аудандық сотымен азаматша М. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 461-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алынды.

Қазалы аудандық соты

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтобе аудалық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтобе аудалық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

Жарамсыз деп есептелсін

Төлеуанова Ұлболсын Мұхтарқызы «OTAN-ARAL» ОӨО ЖШС-да 30.10.2023-26.01.2024 жыл аралығында «В» санатындағы көлік құралдары жүргізушісіне оқығаны жөнінде берілген № AR CH 0243352 кәулігі жағалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮЛЕСІ 21% БОЛАДЫ?..

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бизнес өкілдерімен кездесті. Жиынға құқық қорғау және мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Аймақ басшысы бизнесті қорғау, инвесторлар мүддесін сақтау, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы мәселелерге тоқталды.

«Өткен жылы өңірімізде 37 млрд. теңгенің 21 жобасы іске қосылды. Маңызды әрі ірі жобаның бірі ретінде құны 20 млрд. 900 млн. теңгені құрайтын «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалын атап өтуіміз қажет. Қазіргі таңда әуежайдың қызмет көрсету салаларын дамыту, сенімгерлік басқаруға беру үшін вьетнамдық «Совико Групп» компаниясымен келіссөз жүргізілуде.

Одан бөлек шыны зауытының ішінен 5 млн. шаршы метр энергия үнемдейтін шыны шығару желісі, тамақ өнеркәсібінде 5 жоба, логистика саласында 1 жоба қосылды. Бұл жобалар құрылысынан бастап іске қосылғанға дейін «колмен басқару» режимінде сүйемелденді, туындаған мәселелері дер кезінде шешілді.

Республикалық инвестициялар тарту кеңесінде цемент зауытының санитариялық-қорғаныш аймағы, салынып жатқан жаңа жылу-электр орталығының қосылған құн салығы, шыны зауытының тауарлық газ бағасын төмендету мәселелері шешілгені тапты.

Өңірімізге инвестиция тарту мақсатында

Корея, Италия, Испания, Қытай елдеріне жасаған жұмыс сапарларымыз алғашқы жемісін беруде.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Кореяның СеулТех университетінің еліміздегі алғашқы Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды.

Наурыздың 12-сінде Астана қаласында Үкімет басшысы Олжас Абайұлымен бірге испаниялық «Rosa Group» компаниясының басшылығымен кездесіп, алдағы жоспарларды талқылады. Испандық инвестормен санитарлық бұйымдар өндіру зауытын салу жобасы пысықталуда.

Қытай Халық Республикасымен 10 млрд. 800 млн. теңгенің 9 келісіміне қол қойылды. Алдағы уақытта келісімдердің нәтижесі көріне бастайды.

Президентіміздің Қатар еліне жасалған жұмыс сапары аясында өңірімізде 800 млрд. теңгеге қуаттылығы 1 100 МВт-ты құрайтын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Жобаны орналастыру үшін 280 гектар жер телімі резервге алынды. Оның 100 гектарына газ-электр станциясы салынады, қалған аумақ перспективалық жобаларды жүзеге асыру үшін белгіленген.

Инвестициялық жобалардың мәселелерін талқылап, шешу жолдарын қарастыратын өңірлік штаб тұрақты жұмыс жасауда. Одан бөлек Өңірлік үйлестіру кеңесінде жер телімдері мен

Соңғы 3 жылда кәсіпкерлікті қаржылай қолдау үшін (2022-2024 жж.) 16 700 жобаға әртүрлі қаржы көздерінен 206 млрд. теңге тартылды. Оның 40 млрд. 931 млн. теңгесі мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау тапты. Биыл 29 млрд. теңгеге кәсіпкерліктің 4 800 жобасы қаржыландырылды. Бұл кәсіпкерліктің экономикадағы үлесін 21%-ға жеткізеді. Негізгі бұл үлес 2021 жылы – 18,3%, 2022 жылы – 19,1%, 2023 жылы – 19,9%, 2024 жылдың 9 айында – 20,5% болған еді. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023-2024 жылдары 748 жоба жүзеге асты, 1000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл бағдарлама аясында 815 жоба көзделуде.

инженерлік инфрақұрылым жүйелерін жеткізуге қатысты шешімдер қабылданды. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, аймақтағы инвестициялық жобаларды сүйемелдеуді, олардың мәселелерін шешуді, шағын және орта кәсіпкерлік үшін бизнес-ахуалды жақсартуды әрі қарай жүйелі түрде жалғастыратын боламыз», – деді Н.Нәлібаев.

Агробизнес өкілдері шағын өндіріс орталықтарын құруға басымдық берген. Шаруашылық құрылымдарының әлеуметтік жауапкершілігі аясында кәсіпін бастаушыларды ғимаратпен, кепілдікпен қамтамасыз етуде.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР АЗ ЕМЕС...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Серік Ақшолоқовпен кездесті. Кездесуде медицинада, оның ішінде нейрохирургия саласында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Қызылорда облысында 25 төсек-орын арналған нейрохирургиялық бөлімше тұрғындарға қызмет көрсетеді, 11 нейрохирург маман бар. Бір жылда 6 түрлі күрделі нейрохирургиялық ота тәжірибеге енгізілсе, биыл да осына жаңашылдық жоспарлануда.

Соңғы үш жылда 4 аудандық, Байқоңыр қалалық ауруханасы, облыстық және қалалық көпбейінді ауруханалар 7 КТ аппаратымен қамтамасыз етілсе, көпбейінді облыстық ауруханаға 1 МРТ аппараты қойылды. Аймақ дәрігерлері 658 нейрохирургиялық ота жасаған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салу көзделген. Ұлттық жобаман 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік және 1 медициналық бекет пайдалануға берілді.

Биыл Арнаулы мемлекеттік қордан Шиелі, Арал, Жаңақорған, Қазалы көпбейінді аудандық аурухана ғимараттарына қосымша құрылыс салу үшін қаржы бөлу жоспарлануда.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Жалағаш ауданы Таң ауылында дәрігерлік амбулатория, Қызылорда қаласында 2 медициналық нысан іске қосылды. Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік, Арал ауданы Сөксеуіл кентінде 40 төсектік ауылдық аурухана қолданысқа берілді. Облыс орталығында 300 орындық көпбейінді аурухана салынады. Өткен жылдың шілдесінде облыстық қан орталығы жаңа ғимаратқа орналасты.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ СЕНАТОРЫ НАУРЫЗБАЙ БАЙҚАДАМОВ: ҚЫЗЫЛОРДЫҚТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ АРТТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы әкім болып тағайындалған сәттен бастап, бірге бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндігі туды. Оның тың идеялары мен ұтымды шешімдері Қызылорда облысының дамуына айтарлықтай серпін беріп, өңір үшін маңызды жобалардың бастау алуына негіз болды. Бірлік пен үйлесімді еңбектің нәтижесінде көптеген жаңа бастамалар қолға алынып, игі істер жүзеге асты. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижелерімен 2024 жылдың қорытындысы бойынша бөлісуді жөн көріп отырмын.

Былтырғы жыл Сыр өңірі үшін жетістіктер мен ауқымды өзгерістер жылы болды. Аймақта бірқатар маңызды жобалар іске асырылып, әлеуметтік-экономикалық дамуға жаңа серпін берілді. 2024 жылы Қызылорда облысының экономикалық өсімі 7 пайызды құрады. Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізіліп, облыс бюджеті 750 млрд. теңгеден асты.

Өткен жылы облысқа 639,5 млрд. теңге инвестиция тартылды, бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда екі есеге өсті. Өңірге тартылған инвестициялар облыстың экономикалық әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

Аймақ басшысының бастамасымен жаңа қуат көздері яғни, 62 млрд. теңгеге қуаттылығы 201 мегаваттты құрайтын 5 күн және 1 жел электр станциялары іске қосылды.

Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы, заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты мен 300 жаңа автобус тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік берді.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жарты миллион тоннаға жуық күріш өндірілді. Өкімінің қолдауымен «Ауыл аманаты» жобасы аясында 749 жаңа жоба жүзеге асып, 1078 жаңа жұмыс орны ашылды.



Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар бойынша аймақта жалпы 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Ал құрылыс жұмыстары бойынша аймақтың көрсеткіштері республикалық деңгейден жоғары болды. 2024 жылы 69 жаңа әлеуметтік нысан бой көтеріп, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жаңа ғимараттар ашылды. Тұрғын үй құрылысы да қарқынды жүргізіліп, 2500 жаңа пәтер пайдалануға берілді. Алдағы уақытта облыста ірі құрылыс жобалары жалғасын табатын болады.

Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептер салынуда. 21 мектептің 6-ы 2024 жылы пайдалануға беріліп, жаңа білім ордаларында мыңдаған оқушы білім алуда. Денсаулық сақтау саласында да өзгерістер орын алды, оның ішінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды. 245 жаңа санитарлық көлік алынып, жедел жәрдем мәселесі толықтай шешілді.

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасына 736 мыңнан астам адам қатысып, 176 мыңнан астам тал егілді. Қызылорда қаласының орталық алаңы мен аудандардағы демалыс орындары қайта жаңғыртылып, жаңа саябақтар мен қоғамдық орындар жасалды.

Коммуналдық сала кәсіпорындарына жаңа техникалар сатып алынып, бұл облыстың экологиялық жағдайын жақсартуға және тұрғындардың өмір

сүру сапасын арттыруға ықпал етті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей қолдауы арқасында Қызылорда облысында жаңа жылу электр орталығы салынады. Түркиялық инвесторлардың қатысуымен салынатын 240 мегаваттық жылу электр орталығы өңірді электр энергиямен толық қамтамасыз ететін болады. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында ыстық суға қосылған тұрғын үйлердің саны артты, алдағы жылу беру маусымына дейін облыс орталығы толығымен ыстық сумен қамтылады.

2022 жылы республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары бастау алды. Облыс аумағындағы 216 шақырым жолдың 151 шақырымы пайдалануға берілді. Жоба биыл толығымен аяқталады.

Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды 1-санатқа ауыстыру жобасының құрылысы басталады деп күтілуде. Қазіргі таңда демеушілікпен 350 млн. теңгеге техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тиімді басқаруымен Үкіметтің қолдауы арқасында облыс тұрғындарының өмір сүру сапасы артты, жаңа жұмыс орындары ашылды, инфрақұрылым мен экологиялық жобалар жүзеге асты. Бүгінде аймақтың дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жалғасуда.

ФБ парақшасынан

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ СЕНАТОРЫ РУСЛАН РҮСТЕМҰЛЫ РҮСТЕМОВ: БЕЛЕС. БЕЛСЕНДІЛІК. БЕДЕЛ

Ұлттық танымда жазық жердегі шоқылар мен төбелердің тізбегін белес деп жатады. Яғни биік жерді, биіктікті әспеттейтін сөз. Ал қарқынды қозғалыс, бір істі бітіруге деген құштарлықты белсенділік дейміз. Міне, осы екі қасиет кімде болса, сол адам ел арасында беделге ие болады. Осындай қалың сай келетін азамат ретінде Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевты танымын. Ол өріптестерін халықшыл бастамаларға ұйыстырып, орынды талап қойып, жұмыстың сапасына көңіл бөлетін сергек те, сезімтал азамат.

Онымен бізді ұзақ жылдық өріптестік, ниет-тестік, тілеуестік қарым-қатынас байланыстырады. Оны былайғы жұрт жақсы біледі.

Айтпағым, Нұрлыбек Машбекұлының жауапкершілік жүгі ауыр, ауқымғы ерек Қызылорда облысының әкімі қызметіне кіріскеніне де тура үш жыл толыпты.

Иә, 2022 жылы сәуірдің 7-сінде Сыр жұрты қуанып, бір-бірінен сүйінші сұрап жатқан-ды. Себебі, аймақтың тізгінін білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, ізденгіш менеджер Нұрлыбек Нәлібаевтың ұстағанына қуанды. Дұрысы, сыр-бойылықтар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тағайындауын сәтті таңдау-



ға балады. Өйткені жұрт өңірдің қарқынды дамуына үлес қосуға қабілеті де, қасиеті де жететін азамат ретінде Нұрлыбек Машбекұлын бағалайды.

Солай болды да. Нұрлыбек Машбекұлы осы аз уақыттың ішінде қыруар шаруа, ауқымды іс атқарып, халықтың көңілінен шығатын көптеген бастамаларға ұйытқы бола білді.

Қысқасы, ел сеніп, үміт артқан Нұрлыбек Машбекұлымен бірге Қызылорда облысы алдағы кезеңде бұдан да жоғары жаңа жетістіктерге жететініне жерлерімізді көміл сенеді.

Сырда сергек істер, халықшыл бастамалар көп болсын!

ФБ парақшасынан

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ МҰРАТ ЕРГЕШБАЕВ: БІРЛІКПЕН КЕЛГЕН ЖЕТІСТІК



Сыр өңірінің өлкенік шежіресі үшін бүгінгі күн шындығында да айтулы күн.

Мемлекет басшысының биік сенімін ақтап, халыққа адал қызмет жасаудың, мемлекеттік мұрат жолында білімі мен білігін сарқа жұмсап, ел үшін аянбай еңбек етудің ұшайын үлгісін танытып жүрген Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың облыс әкімі қызметіне кіріскеніне тура 3 жылдың жүзі толыпты. Бұл тарих үшін көп уақыт болмағанымен, туған топырағын көркейтуге бел шеше кіріскен Сыр перзентінің

кемелді келешек үшін азау-маттық, адамдық парызды сезінуді міндетіне алған ерекше маңызды кезеңі деп айтуға әбден болады.

Алашқа алтын бесік болған Сыр өңірі бүгінде Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен қарқынды дамып, қанат жайып келеді. Соңғы 3 жылда барлық негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер бойынша Қызылорда облысы республикада көш бастауда. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбек-

ұлы Нәлібаевтың басшылығымен облыс экономикасына инвестициялық түсімдердің артуы, құрылыс қарқынының өсуі, аграрлық саладағы жетістіктер аймақтың осы бағыттағы нақты даму көрсеткішін айқындайды.

Қызылорда облысындағы елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жағынан өркендетудің тиімділігімен қатар, көркейтуді, абаданандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы озық жұмыс үлгілері кеңінен насихатталып, үздік тәжірибе ретінде республиканың өзге өңірлеріне таратылып келеді.

Бұл – еңбек ырғағын бір сәтке баяулатпаған жерлеріміздің бірігімізмен келген жетістік!

Бұл – аса еңбекқор, ауыз-біршілігі жарасқан Сыр өңірі халқының және барша жерлерімізді береке-бірлікке ұйытқан аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының өзара бірлескен қарымды қызметінің нәтижесі! Бұл – тәуелсіздіктің арқасы!

ФБ парақшасынан

БУ-ГАЗ ҚОНДЫРҒЫСЫ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қатар еліне іссапары барысында еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын болдырмау үшін қуаттылығы 1100 МВт, құны 800 млрд теңге бу-газ қондырғысын салу келісілген болатын.

Аталған жобаны жүзеге асыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ мен қатарлық «Power International Holding» компаниялары арасында келісімге қол қойылып, жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары басталуда.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зәбешевтің төрағалығымен өткен мәжілісте станция құрылысына қатысты

негізгі мәселелер талқыланды.

Жиынға «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдері, облыстық басқарма және жергілікті мекеме басшылары қатысып, бірқатар мәселе пысықталды.

Станция құрылысы үшін 250 гектар жер телімі белгіленген.

Жоба аясында «Қызылорда-Жезқазған» және «Қызылорда-Шымкент» бағытында 500 кВ жоғары қуатты электр желілері салынады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы өте маңызды жоба еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын болдырмауға, республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл мегажобаны 2028 жылдың аяғына дейін толық іске асыру көзделген.

ВЬЕТНАМДЫҚ КОМПАНИЯ “ҚОРҚЫТ АТА ӘУЕЖАЙЫН” БАСҚАРАДЫ

Былтыр қараша айында Қызылорда қаласында Мемлекет басшысының қолдауымен «Қорқыт Ата халықаралық әуежайының» жаңа терминалы іске қосылды.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев вьетнамдық «Sovico Group» компаниясының басшысы Нгуен Тхань Хунгпен кездесті. Кездесуде «Қорқыт ата әуежайы» терминалының және әуежай жұмысын одан әрі жандандыру, дамыту үшін оны Азиядағы тәжірибелі өрі ірі конгломераттардың бірі «Sovico Group» компаниясына сенімгерлік басқаруға беру мәселесі талқыланды.

«Жаңартылған терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдас-тығының (ИАТА) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO)

жоғары стандарттарына сәйкес келеді. Жалпы бұл жоба облыстың әуе көлігі қызметін халықаралық деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді деп күтеміз.

Президентіміздің Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес әуежайдың тиімді географиялық орналасуын ескеріп, әуе хабын құру және дамыту, осы аумақта логистикалық бағыттағы еркін экономикалық аймақ (СЭЗ) ашу мақсатында Үкімет қаулысы әзірленуде», – деді аймақ басшысы Кездесуде.

Қалыптасқан әлемдік тәжірибе бойынша ірі халықаралық компаниялар инвестиция құю, қаржы-экономикалық модельді әзірлеу және даму стратегиясын жасау үшін тартылады. Ал компания 5, 10,

15, 20 жылдық жоспарын ұсынып, соның негізінде әуежайдың даму стратегиясы құрылады.

Атап өту қажет, «Sovico Group» компаниясы Қазақстан нарығына кіріп, «Qazaq Air» әуе компаниясын сатып алды. Бүгінде 20-дан астам ұшақ әкелуді жоспарлаған. Сенімгерлік басқаруға алған инвестор ICAO стандарттарына сақтауға, бақылау мен қауіпсіздікке басымдық беруге міндетті және негізгі шарт осы. Сонымен қатар бұл қадам халыққа қызмет көрсету сапасын жоғарылатуға, халықаралық және ішкі рейстерді ұлғайтуға, өңірге инвестиция тартуға, келіс-логистикалық орталықтар ашуға, туризмді өркендетуге мүмкіндік береді.

ТУРИСТЕРДІ ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде туристік саланы дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– «Бір апта мерзім ішінде туризм саласын цифрландыру және одан өрі дамыту бағытында нақты ұсыныстар енгізіңдер. Арнайы бекітілген индикаторлардың толық орындалуы, өңірімізге келетін туристер санын арттыру бойынша жұмысты күшейтіңдер. Кәсіпкерлердің туристік бағыттағы нысандары мен жол бойы сервистік кешендерінің құрылысына жұмсалған шығындарын субсидиялауға қатысты мемлекеттік қолдау шараларын ақпараттандыру керек», – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте жауапты тұлғаларға көктемгі залалсыздандыру жұмыстарынан бұрын елді мекен айналасы мен мал қораларды механикалық тазартуды ұйымдастыру тапсырылды. Оған қоса, залалсыздандыру жұмыстарының тиімділігіне талдау жасалып, қорытындысы облыс әкімдігіне баяндалуы тиіс. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын жұқтырған науқастарды емдейтін дәрі-дәрмек қорын қамдап, науқастарға дер кезінде ем-шара жүргізуді үйлестіру де басты назардағы мәселелер қатарында.

“ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА” ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласында денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу жобасы бойынша жиын өтті. Оған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері және қордан балаларының еміне көмек алған ата-аналар қатысты.

Басқосуда Қызылорда облысының әкімдігі, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры және «Р и А Сервис ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу туралы ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Аймақ басшысы бірлесіп атқарылатын жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды бөлісті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу мақсатында құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз байланыс орнатылып, өңірімізде бірлескен жобалар қолға алынған.

Бүгін қордың қолдауымен Қызылорда қаласынан құны 2 млрд. 900 млн. теңге болатын, нақты айтқанда қордан 2 млрд. 300 млн. теңге, облыстық бюджеттен 600 млн. теңге бөлініп, денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін ұшжақты келісімге қол қою рәсіміне жиналды.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Облыс бюджетін 750 млрд. теңгеден асырдық. Сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталауда.

Мемлекет басшысының «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуіне орай жергілікті кәсіпкерлер, қоғамдық қорлар, облыстан шыққан меценаттар ортақ іске белсенді араласып, қайырымдылық шараларына, Сыр елін көркейтуге үлес қосуда.

Бүгінде демеушілердің 50 млрд. теңгеден астам қаржысына іргелі істер атқарылды. Қор ұжымына қажырлы да қомақты еңбегі үшін ризашылығымызды білдіреміз. Болашақта да қарым-қатынасымыз

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қызылорда қаласының сол жағалауында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен “Қазақстан халқына” қоғамдық қорының қолдауымен бой көтеретін дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қаланып, қапсуласы салынды. Рәсімге «Қазақстан халқына» қоғамдық



қырының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, қала әкімі, жауапты сала басшылары, тұрғындар қатысты.

Жалпы ауданы 3300 шаршы метрлік ғимарат құрылысына жауапты бас мердігер «РиА Сервис ЛТД», техникалық қадағалаушы «Құрылыс контроль» серіктестіктері нысанды қыркүйек айында пайдалануға беруді жоспарлаған.

Мұнда тұрғындар дене шынықтырып, спорт резерві даярланады және жоғары білікті спортшылардың оқу-жаттығу процесі ұйымдастырылады. Кешеннің басты ерекшелігі – мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасалатындығында. Жобаның мақсаты – тек дене шынықтыру мен сауықтыру ғана емес, тұрғындар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де қолжетімді әрі инклюзивті орта қалыптастыру.

өзара тиімді негізде құрылады деп үміттенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында Ләззат Шыңғысбаева өңірдегі жұмыстарға оң бағасын берді. Сонымен қатар облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен еңбек ардагері, қоғам қайраткері Ибрагим Абибуллаев бастамаларға сәттілік тіледі. Ата-аналар атынан Досбол Сәттібаев қор ұжымына лебізін білдірді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аймағымызда 7 млрд. 150 млн теңгенің жобаларын жүзеге асыруда. Соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд. 800 млн. теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында және Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» орталықтары ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды.

Қордың қолдауымен Арал ауданында да «Қамқорлық» орталығы салынуда. Мамыр айында пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, облыстық онкология орталығын құны 1 млрд. 100 млн. теңге болатын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Бұл кешен еліміздің 3 өңірінде ғана бар. Қазіргі кезде аймақтың шалғай елді мекендеріндегі тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетеді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын да іске асыруда. Жоба аясында 2022-2024 жылдары 6 мектеп 1 млрд. 500 млн. теңгеге қайта жабдықталды. Биыл тағы 2 мектепке 500 млн теңге қаржы қаралған.

Қор демеушілігімен 172,5 млн. теңгеге жылдам тұрғызылатын ангар типтес спорт кешені Шиели ауданы Ақтоған ауылында салынып, ел игілігіне табысталды. Жалағаш ауданы Аққыр ауылындағы спорт кешені жақын күндері пайдалануға беріледі. Ал Сырдария ауданына спорттық құрал-жабдықтар алынып, бөлмелер жабдықталды.

АРДАГЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖАҚСЫ

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Қызылорда облысында Ұлы Отан соғының екі ардагері тұрады. Қазалы және Сырдария аудандарының дәрігерлері қос қарияның денсаулығын үнемі бақылап отырады. Осы жолы да ардагерлердің үйіне ақ халаттылар арнайы барып, оларды медициналық тексерістен өткізді. Ардагерлер медицина саласы қызметкерлеріне алғыстарын айтып, ақ батасын берді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тасыров Яхия 1922 жылы Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы, Қараөзек елді мекенінде дүниеге келген.

Ташкенттегі тоқымашылар оқуын оқып, 1940 жылы тоқыма фабрикасына мастердің көмекшісі болып жұмысқа орналасқан. 1941 жылдың аяғында Ташкент облысы Фрунзе аудандық әскери комиссариатының шақыруымен әскерге алынған. Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында майданға жіберілген. Соғыс жылдарында Сталинградты, Курскіні, Барановты, Польшаны жаудан азат етуге қатысқан. Данциг портында аяғынан ауыр жараланды. Соғысты Германияда аяқтап, 1945 жылы қыркүйек айында елге оралған.

«Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ұлы Отан соғысы» I, II-дәрежелі ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Жеңістің 40, 50, 60 жылдығы медальдарымен марапатталған.

Сырдария ауданының «Құрметті Азаматы», ардақты ардагер жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында ауданда өткізілетін барлық іс-шараларға қатысып, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиелі болуына өз үлесін қосып келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тобабергенұлы Тілеуберген 1924 жылы Қазалы ауданы, Жамбыл колхозында дүниеге келген. 1942 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған боз-бала Ташкент қаласында әскери дайындықтан өтеді. Мәскеу іргесіндегі Смоленск қаласына әскери эшелонмен келіп, 150-зеңбіректі атқыштар полкінде қолына қару ұстап, майдан дала-

сындағы ұрыстарға қатысқан. Бір жылдан кейін 291-атқыштар полкі құрамына жіберіліп, Белоруссияны, Польшаны, Чехословакияны, Кинигсберг, Калининград қалаларын жаудан азат етуге қатысты. Маршал Г.Жуков басшылық ететін 158 гвардиялық полктің 28-ші автомат ротасы сапында Отан алдындағы борышын өтеп, бірнеше рет батылдығымен көзге түсті.

Қатардағы жауынгер 1945 жылдың 9 ма-

мырында Ұлы Жеңіс күні Берлин қаласында қарсы алып, соғыстан кейін неміс-фашист басқыншыларының тұтқынға алынған жауынгерлерін күзетуге қалдырылған. Туған жерге 1947 жылғы тамыз айының аяғында елге оралғаннан бастап зейнет жасына дейін теміржол саласында абыройлы қызмет еткен.

Қарт майдангер I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Берлинді азат еткені үшін», 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында «Германияны жеңгені үшін», «Жуков» медалімен, «Беларуссияның неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне - 60 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін», «СССР Қарулы Күштеріне-70 жыл» және Ұлы Жеңістің 20, 25, 30, 40, 50, 60, 65 жылдығы, «Еңбек ардагері», «Астанаға -10 жыл» медальдарымен марапатталған. «Қазалы ауданының Құрметті Азаматы».

Атап өту керек, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жылдығына орай облыста бірқатар іс шаралар атап өтеді.



ОТБАСЫҢА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ОРТАЛЫҒЫ КӨМЕГІ ТЕГІН

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағыты оған әрі жетілдіру үшін Қызылорда облыстық полиция департаментінің жанынан Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы ашылды.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, жұмысын бастаған орталықтың салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысты.

«Бүгін облыстық полиция департаментінің жанынан Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығын ашып отырмыз. Бұған дейін де өңіріміздің барлық ауданында, Қызылорда, Байқоңыр қалаларында отбасын қолдау, отбасылық жанжалдарды шешу және балалы әйелдерге уақытша баспана ұсынуға арналған «Отбасы орталықтары» ашылып, қызмет көрсетуде. Қала және аудан әкімдіктерінің үйлестіруімен, білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының қатысуымен қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсету жөніндегі мобильдік топтар жұмысы жолға қойылған.

Орталық қызметкерлері осы жылдың 1-тоқсанында 1257 азаматқа түрлі бағытта қолдау көрсетті. Алдағы уақытта да нәтижелі іс атқарылады деп сенім білдіреміз. Жаңа орталық жұмысына сәттілік тілейміз. Бұл орталық игілігіне бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз», – деді Д.Жаналинов.

Айта кетейік, орталықта тергеу, ювеналды полиция, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы, сот орындаушылар, заң көмегін көрсетушілер, психолог, теолог, волонтер, медиатор және әлеуметтік қызметкерлерге арналған кабинеттер бар, қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Мақсаты – тұрмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмысты азайту, отбасын сақтап қалу үшін психологиялық, әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан тегін әрі кешенді көмек көрсету. Әйелдер мен балаларға қарсы жасалатын ауыр қылмысты болдырмау, жәбірленушілердің полицияға деген сенімін арттыру. Сонымен қатар, кез келген құқық бұзушылыққа заң аясында баға берілетінін, полиция қорғауға әрқашанда дайын екенін түсіндіру, халыққа жеткізу.

Орталықта алимент өндіруде, дінаралық қарама-қайшылықтардың шешімін табуда ұйымдастырушылық шаралар да атқарылады.



«ДОСТЫҚ ҮЙІ» – МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ

Қызылордадағы «Достық үйінде» «Сыр елі – достық мекені» атты республикалық Ассамблея жастары форумның пленарлық отырысы өтті. Форумға Парламент Сенатының депутаты, жастар жанаушылары Нұрия Ниязова, Ғылым және білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайханқызы, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев, барлық өңірден келген Ассамблея жастарының көшбасшылары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев форум қатысушыларын Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен құттықтап, басқосу жұмысына сәттілік тіледі.

– «Баршаңызды бірліктің ұйытқысы болып, еліміздегі этносаралық достық пен толеранттылықтың үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мере-

кесімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін өздеріңізбен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Сыр елі – достық мекені» атты форумда жүздескеніме қуаныштымын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұраға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Өділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет», – деген болатын.

Сыр өңірінде әр салада, атап айтқанда, білім, ғылым, журналистика, қоғамдық қызмет, спорт, медицина, мәдениет, кәсіпкерлік, өндірісте табысты еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жеткен жастарға жыл сайын «Сыр үміті» облыстық жастар сыйлығы табыстылып

келеді. Баспана мәселесін шешу үшін 2023 жылдан бері «Сыр жастары» тұрғын үй ипотекалық бағдарламасы жүзеге асуда. Оған жыл сайын жергілікті бюджеттен «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы кредит беруге 1 млрд. 200 млн. теңге бөлінеді.

Ассамблеяның мерейлі жылы аясындағы қуанышты жаңалықтың бірі – Қызылорда қаласында жаңадан «Достық үйі» салынуда. Бұл бірлік пен ынтымақты нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады. Тағы бір ерекше жаңалығымыз, алдағы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күні облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» ашылады», – деді Н.Нәлібаев.

Жиынға қатысушылар Нұрия Исмагилқызы, Ақерке Абылайханқызы және Тимур Ғабдулұлының атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге арналған баяндамаларын тыңдады.

Қызылорда қаласында өтіп жатқан республикалық жастар форумна қатысушылар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ботаникалық бағындағы тал егу акциясына қатысты. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шара барысында әр өңірден келген делегациялар көшет отырғызды.

Форум қатысушылары табиғатты, қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілікті арттырудың маңыздылығына тоқталды. Жастардың экологиялық мәдениетін көтеру, айналынаптастамауды насихаттау үшін бірлесу жұмысы істеуге дайын екенін айтты.



Кипанхана

Бұлар да бір дөңгелек столды иемденіп, Шырайдың ас-ауқат салған ақ қалтасын орталарына алып отырып, інісімен екеуі енді тамактануға кірісті.

Почта үйін табуға бұлар аса қиналған жоқ. Теміржол вокзалынан екі аялдама ғана жер екен. Жас емес пе, онаша ауылда ештеңе көрмей өскендіктен де болар, Шертай автобуска мінгенді де тансық көріп, аялдамаға қарай ұмтылып еді, Байшұбар ыңғай танытпады. «Жаяу-ақ барамыз» деген емеурімен сөмкесін бұлғай көтерген қалпы алға түсті. Шертай да амалсыз оның соңынан ерді.

Байшұбардың мұнысы - тым тақыстығы, әрі сақтығы еді. «Үлкен қалаларда реті келгенде сөмкелерді ала қашады екен. Автобуста ұрылар қалтаға да түседі екен» деген алып-қашпа сөздердің санасына әбден сіңіп қалғанынан да болар... Бір жағынан «тыи-тебенді де оңды-солды шаша бермейін» деп өзінше қатты бекінгендігінен де.

Екеуі жаулап, асықпай жеткеннің өзінде - почта үйінің есігі әлі ашылған да жоқ-ты. Үй манайын сыпырып жүрген шал бұлардың осынша ерте келгеніне таң қалғандай қайта-қайта бұрылып, қарағыштай берді де, ақыры жөн сұрады.

- Почтаға келдіңдер ме?

- Ия, почтаға келдік, - деді Байшұбар.

- Осынша ерте-е... - деп шал өзінше күнкілдеп, қолындағы сыпырғысын жоғары көтере беріп, тағы да:

- Не шаруа? - деп қалды.

- Осында-а... Жай бір-р, - деп Байшұбар сөзін тұтыға бастай берді де, кенет батылдан: - Он жетінші жәшік-к... - деп қалғаны.

Үй сыпырушы бірауық аңырып тұрды.

- Он жетінші жәшігі несі?

- Солай... Шаруамыз... біреуді іздеп...

Ералы деген.

Үй сыпырушы енді сыпырғысының сабын құшақтаған күйі үнсіз тұрды... тұрды да, - Ә... ие-е, - деді кенет есіне түсе кеткендей. - Ол жәшікті ашатын әйел сағат онда келеді, - деді де, одан арғы әңгімені керек етпегендей, сыпырғысын бұлғандатып ауланың төр жағына беттеді.

Енді Байшұбар аң-тан. Жәшіктің несінің Ералы емес, қайдағы бір әйел болып шыққаны ол үшін күтпеген жай еді.

Байшұбар аула тазалаушы шал қалайда Ералыны біліп қалар, білмесе есіне түсер деп үміттенген. Ол үміті адыра қалды.

Енді Байшұбарды уайым басты. Сонша жерден сандалып келген шаруалары бұлдырап, алдамшы сағымға айналып бара жатқандай.

Шертайда ешқандай ой жоқ секілді. Өз-өзінен төнеліп, әрі бір жүреді, бері бір жүреді. «Ол ой ойлап қайтсін, жанында ағасы тұрғанда», - деп ойлады Байшұбар. Сосын басына үлкен іс түскен кісіше сөмкесін бұлғатқата көтеріп, бұл да бір әрі жүрді, бір бері жүрді. Сойтпін жүргенде басына тағы бір ой келді: «Осы Шертайды мен ештеңе ойламай жүр деймін, оның басындағы ой, менің басымдағы ойдан да ауыр болып жүрмесін...»

Почта ашылысымен Шертайды ертпін ішке кірген Байшұбардың байқағаны - үйдің бір қабырғасын түгел алып, нөмірленген жәшіктердің ұзын саны үш жүз он екі-мен бітеді екен. Жұрт ішке кіреді екен де, қалталарынан кілт шығарып, сол жәшіктердің бірін тысыр еткізіп ашып, ішінен газет-журнал, әлде хаттарды алып, жәшікті тысыр еткізіп қайта жабады екен де, кете барады екен.

Осынның бәріне Байшұбар соншалық ұқыппен қарап, байсалды мән беріп отырды.

Бірақ әзірге он жетінші жәшікті ешкім ашқан жоқ. Почта үйіне әсіресе әйелдер кіріп келе жатқанда үмітпен қарағанымен, ол әйелдер басқа жәшіктерді ашып, болмаса ақша, хаттар қабылдап, оларды жөнелтіп жатқан бөлімдерге бұрылып кетеді де, әлдебір үміті орындалмаған жанша Байшұбар ақырын күрсінеді. Оған ендігі жерде сол он жетінші жәшікті қандай әйелдің ашатындығы соншалық тансық әрі маңызды сияктанып кеткені.

Өзі отырған орындағы тұсындағы үлкен терезеден көше бетке сүзіле қарап отырған Байшұбар почта үйінің жанына келіп тоқтаған әсем кара машинаны (оның шетелдік джип екенін де білген жоқ) байқаған. Әрине, оның қазіргі халінде желіп машинаға қызғығандай шама жоқ-ты. Бірақ сол кара машинадан сұлу келіншек түскен кезде, бұл кәдімгідей мойнын бұрған. Өйткені, келіншектің ұйқыдан жана тұрғандай албыраған жүзі де, соншалық жарасымды қырыққан шашы да көзі түскен еркектің мойны бұрмасына қоймастай еді. Үстінде ине жіптен жана шыққандай үлбіреген ақ көйлек. Аяғына киген туфли мен қысқалау юбкасы да ақ. Сол өңшең ақ киімге оранған келіншектің білектері мен тоқ балтыры да өмірінде күн көрмегендей аппақ еді... Көзді де, көңілді де арбаған өңшең ақ түс...

Дәл осылай киімі денесіне, денесі үстіндегі киіміне әр берген осындай жанды Байшұбар өмірді былай қойғанда, осы уақытқа дейін көрген көп киноларынан ұшыратты ма, ұшыратпады ма... анығы ортада жоқ. Қайсыбір киноларда сұлу келіншек көріп, сүйсініп, тіпті есі кете ұнатса қызартастап, қозғалатқаса, жанында отырған келіншегі Шырай ұнатпай «Немене, сонша сұғынып» деп жаратпай қалатыны барды. Сондағы сұлу деп жүргендері мына келіншектің жанында адыра қалды.

Байшұбардың көздері әлгі келіншекпен ілесіп, почта үйінің аузына келді. Келіншек есікті айқара ашып кіріп келгендей мұның тағы байқағаны - қап-қара көздері де кісі жасқағандай екен. Байшұбар өз-өзінен

төменшіктеп, қарадай абдырап қалды. Саратанға бүгінгі келісін былай қойғанда, өздерінің аудан орталығына, облыс орталығына талай барып жүр ғой. Әртүрлі себептермен өзге де үлкен қалаларда болып көргені бар... Сонда осыншалық әсер еткен әйел баласы... болды ма, болмады ма, анығы есінде жоқ. Сондықтан Байшұбар келер-кетері болмаса да төменшіктеп отырып та әлгі келіншек жайлы ойлап: «Өзі сірә көрші елдерден келген біреу шығар-ау», - деп топшылады. «Өзбек, әлде қырғыз болып жүрмесін», - деп те жорамалдады.

Келіншек аяқтарын тық-тық басып, бұлардың дәл жанынан өте беріп, жәшіктер орналасқан қабырғаға қарай бұрылды да, дәл он жетінші жәшіктің тұсына жете бере тоқтап, қолындағы әр жері асыл заттармен безендіргендей жалт-жұлт еткен қол сөмкесін ашып, әлденені асығыс іздей бастады. Саусақтары да сүйріктей екен. Және сол саусақтардың әрқайсысында бір асыл жүзек. Өзгені сұлулығымен тандандырған жан, саусағымен де жасқай ала ма, немене,

Байшұбар аптыға сөйлеген қалпы, оған қарай ұмтыла түсіп.

Келіншек екеуіне кезек-кезек қайта қарады.

- Мен ақылдасайын... Осында болыңыздар... Бәлкім... - дей беріп әлденеден, әлдекіменен абайлағандай бір сәт бұлардың сыртында әртүрлі шаруаларымен сабылып жүргендерге де көз салды. Сосын барып:

- Ия, осында болыңыздар, - деді қайта анықтап. Бұлардың қатар тұрып басушыларына да мән беріп жатпастан, бірден сыртқа беттеді. Қара машинаға жақындағанда шофері оған есік ашты. Сосын кара машина күн көзімен жалт-жұлт етіп шағылысып, жылжып кете барды.

Ағайынды екеу бір-біріне қарасып, болар-болмас үмітке аса сенікпегендей бірауық үнсіз, үрпісіп тұрды да, сөзді Шертай бастады.

- Ералы ағамды білмеді ғой.

- Е, білмесе қайтеміз... Бізге жұмыс табылса болғаны емес пе?

Келіншектің «ақылдасуы» әп-сәттік

қуиде болғанын кім білсін, Байшұбардың қуаныштан есі шығып кетті. «Ия, сәт-... ата-бабамның әруағы!» - деді ішінен өзіне-өзі әл бергендей.

Ойлағанындай-ақ машинаның алдыңғы есігі ашылып, таңертеңгі келіншек түсті де, сұқ саусағын бугу арқылы -бұларды өзіне шақырды.

Сөмкелерін көтере ентелей келген ағайынды екеуге машинаның артқы есігін ашып, мұндай сәнді машинаға бұрын-соңды мініп көрмеген ағайындылар осы бір құрметке әлі де толық сенбегендей кібіртіктеп қалып еді, олардың абдырауын жүздерінен-ақ аңдаған келіншек енді дауыстап:

- Отырыңдар! - деді.

«Ойпырмай, дауысы да қоныраудайын сылдырап тұр екен-ау», - деп ойлады Байшұбар артқы есіктен машина ішіне асыға-үсіге кіріп жатып.

Машина қозғалып кетті. Артқы орында қатар отырған ағайынды екеуде үн жоқ. Қуаныштан төрі үрейлері басым секілденіп, қолға түскен торғайдай үрпісіп отыр.


қатар қойылған бөлмеге келгенде, Лиза: - Өзірге осында жайғаса беріңіздер. Аспаз тамақтандырады, - деді де, өзі шығып кетті.

Бөлмеде ұзынша диванның, бірнеше орындықтардың қатар тұрғанына қарамастан бұлар тізе бүкпей, бірауық бөлме ортасында селтіліп тұрды. Өздерінің жүздерінде де қуаныштан төрі әлі таңдану мен үрей басым еді. Аға болып жол бастап жүрген Байшұбардың өзі де қолындағы көне сөмкені жерге қоюға да батылы жетпегендей, қарадай дегбірі қашып тұр. Бұл арада жаста болса өз-өзіне алдымен келіп, ес жинаған, әрі батылдық танытқан Шертай болды.

- Аға отырайық, - деді шеткі орындыққа отыра беріп. Байшұбар да үзесі кетті. Қарсы қабырғада апандай диван, өзге тұста да орындықтар тұрғанда, дәл Шертайдың жанындағы орындыққа отыруға да қазіргі есі шыққан қосүрей күйінің белгісіндей еді.

- Үйлері қандай жақсы еді? - деді Шертай терезеден сыртқа қарап, сосын бөлменің төрт қабырғасын түгел шолып шығып.

ЖЫЛДАНЫҢҰЫ



T. Нұрмағанбетов

- Жұмыс іздеп шыққан екенсіздер ғой, - деді келіншек әңгімені сыздықтатып бастап.

-Жұмыс іздеп шықтық, - деді Байшұбар.

- Екеуіңіз де... -Екеуіміз де...

- Түрлеріңіз де ұқсас.

- Ағайынды жандармыз. Менің атым Байшұбар, інімнің аты -Шертай.

- Сонда қай ауылдансыздар... -Ұзынарқ... Жаңақорған ауданы.

Ауылының атын айтсадағы Байшұбар ішінен: «Сонда қай ауылдарды біліп жатыр өзі?», - деп ойлады ішінен.

Машина бір көшеден екінші көшеге өтіп, зырап келеді. Шофер әлденені бұрап, әдемі бір әуенді ойната беріп еді, келіншек аз-кем қабақ шытып, сол қолын көтере бергенде, шофер әлгі әуенді қайта өшірді.

- Ауылдан екендіктеріңізді байқап, жұмыс қарастырып жатырмыз. Қожайынмен ақылдастық, - деді келіншек үзілген әңгімені қайта жалғап. Сосын торға түскен торғайдай болып отырған бұларға аппақ мойнын бұрып, мұқияттып қарады.

- Менің атым Лиза...

Келіншектің дүдәмалдау «жұмыс қарастырып жатырмыз» дегеніне Байшұбардың көңілі аса толықырамай отыра да, атын айтқан кезде кішкене іші жылығандай болды. Сосын іштей: «Қожайыны кім, тағы да?» - деп ойлану қалды.

Одан әрі үнсіздік орнады. Машина бір ұзын көшемен зырап келеді. Тіпті қыстақтың шетіне де шыққандай ма, немене.

Ақыры әлгі ұзын көшеден оң жақ, сосын сол жақ кешеге түсіп зырап келді де, машина көрнекті салынған екі қабатты үйдің жанына жете бере тоқтады.

- Түсіңіздер, - деді Лиза. Сойтті де лып етіп алдымен өзі түсті.

Әрқайсысы тұсындағы есіктерін ашып, бұлар да апыр-топыр жерге түскен. Жерге түскен бойда Лиза Байшұбардың қолындағы сөмкеге қарады да, Байшұбар аз-кем қысылып қалды. Өйткені қолындағы сөмке ескілігінен бұрын әйелдерге арналған дүние секілді еді. Адалын айтпа болса, Байшұбар бұл сөмкенің үйіне қайдан, қалай келгенін де анық білмеуші еді. Өйтеуір, жолға шығарда Шырай осыны қолына ұстатқан. Бітті...

Екі қабатты үйдің сәні айрықша екен. Қабырғалары сары түспен ақталып, терезе жақтауларының көк түспен сырлануы ерекшелігін былай қойғанда, жалпы үлгісінің өзі көз сүйсіндіргендей. Терезе, балкондарының айнала жиегін оймыштаған өрнектерді Байшұбар еш жерден көрген емес-ті. Отыз беске келгенше бұл да осы манайдың бұз қала, қыстақтарын шарлады ғой. Бірақ дәл қазіргідей біреудің үйіне сұғын қадаған сәті есінде жоқ.

Келіншектің өзі сияқты, екі қабатты үй де Саратанға өзге жақтан келгендей әсер етіп тұр еді.

Бұлардың машинадан түскен бетте іркіліп тұрып, үйдің сәнін тамашалап қалғаны - Лизаның шоферге қайта бұрылып ұзақ тапсырма беруінен де еді.

Лиза күбірілеп әлденелерді айтып жатыр... айтып жатыр... Шофер басын ізеп отыр... ізеп отыр...

Ақыры келіншек Байшұбар мен Шертайға бұрылып: -Жүріңіздер, - деді де сәнен жасаған темір қақпаға қарай бастады.

Аула ішінің көркі де бөлек екен. Айнала арнайы жасалған темір шарбақпен қоршалған аумағы бір гектардай жердің жартысы бау-бақша да, бір жағы ұзыннан-ұзақ етіп салынған үй. Оның аржағында тағы бір үй ме, әлде қора ма бірдене...

Ортада толтырылған суы көгілдір тартып жатқан киіз үй орнындай дөңгелеңген хауыз. Оның жиектеріне де ерекше нақышпен төселген мәрмәр тастар. Сол мәрмәр тастарды жағалай егілген қызылды-жасылды әртүрлі гүлдер де тосын жандарға ертегілерден ғана елес бергендей ғажайып көрініс еді...

Лиза бұларды екі қабатты үйден бөлек, әлгі ұзын-шұбақ салынған үйдің бір есігінен кіргізді де, жолкілемшелер төселген дәлізден өтіп, төріне екі төсек

Расында бөлме іші кешелі-бүгін ақталғандай-тын. Төбеге ілінген қыздың сәукелесіндей дөңгелеңген шырақ-шамның өзі де анау-мынаулық ессенін басардай.

- Жай үйінің өзіне, хан орналасса жарасқандай, - деді Шертай көйлек.

- Енді-і, - дей беріп, Байшұбар да інісіне ілесіп қабырғаларға, төбеге қарады. Бірақ інісінен асырып теңеу айта алмайтын болған соң, сол ынырысқан күйі басылып қалды.

Екеуі бөлмелеріне жайғаспақ түгілі - үйренісе алмай, әлі үрпісіп отырғанда, үстеріне Лиза кіріп келді. Өлгіңдегі ақ көйлек, ақ юбка, ақ туфилерінің орнына көкшүлан, жарасымды көйлек, аяғына жайтабан, маңдайы зермен оймышталған жаздық аяқкиім киіпті. Сұлуга не кисе де жараса бере ме, әйтеуір Байшұбарға Лиза бұрынғысынан да құпшырып көрінді.

- Әлі жайласпай отырсыздар ғой, - деді Лиза бұлардың үрпісіп отырған қалыптарына езу тартқандай болып. Бұлардың жауап айтардай халдерін байқамаған соң тағы да сөзді өзі жалғастырып: -Жұмысқа алындыңыздар. Қожайын әлгінде келісімін берді. Сіздерге көңілі толыпты, - деді.

«Ол кісі бізді қайдан көріп жүр?» дегендей, осы сәтте Байшұбар мен Шертай бір-біріне қараса қалып еді, келіншек те осыны аңдай қойып: - Ол кісі сіздерді екінші қабаттың терезесінен көрді, - деді, бұлардың көңіліндегі дүдәмал, күдіктерді біржола басқандай болып.

- Жұмысқа таңертеннен кіресіздер. Осында Асаділлә деген ағамыз бар. Атбегі, қарауыл, әрі аула сыпырушы. Мошаны да сол кісі жағады. Істейтін жұмыстарыңызды түсіндіріп беремі. Түскі астан соң моншаға да анарады.

Ағайынды екеу ауыздарын ашып, Лизаны үнсіз тындап отыр.

- Жатын жерлеріңіз осы - деді де, аз-кем үзілістен соң келіншек тағы да: - Ал, қандай сұрақтарыңыз бар? - деді екеуіне кезек қарап.

Байшұбар мен Шертай дәл қазір тындауға ғана жаралғандай.

- Айтпақшы сіздерге ең басты нәрсені айтпапшы ғой. Жалақыларыңыз әзірге жетпес мың теңгеден. Әрқайсыңызға... Бір айдан соң көтереміз. Демек, сіздер үшін бір ай -сынақ мерзімі... Уайым жеменіздер, бір айдан соң жұмыстан шығарып жібереді екен деп... Сіздерді өте тындырымды, ұқыпты жандар деп ойлаймын. Қожайын да осы ойда. Әзірге айтарымыз осы.

Осылай деді де, көкшүлан көйлегінің етегі дөңгелеңіп, келіншек ауызғы бөлмеге шығып кетті.

Ағайынды екеу көздерімен оны шығарып салысымен-ақ, бір-біріне қараған. Қарағандары да қызық. Өлгіңде ғана «Не болар екен?» деп айналаға үреймен, күдікпен қарап отырған жандар, кенет ойдағы оң-оңай-ақ жүзеге асып кеткендей қуанғандары да, қорыққанның аржақ-бержағындағы бірдене болып шықты. Екеуінің де күліп жібергендері келіп тұрып-ақ, күле алмауларының өзі де бет-әлпеттері түсініксіз, қызық күйге түсірген еді... Содан «ана келіншек үзесі кетті-ау, енді маңымызда ешкім де жоқ-ау» деген шамада: - Аға, жетпіс мың деді ме? - деді Шертай осы қуанышты әңгіменің ішіне сыймай бара жатқанын жасыра алмай.

- Ия, мен де солай естідім, - деді Байшұбар.

Екеуі тағы үнсіз қалды. Бірақ бұл үнсіздік қарқылдаған күлкіге де, жарыса, таласа дабырласқан әңгімеге де бергісіз еді.

Енді екеуінің де көздері күлді. Күлдісі несі, тәптірім-ау, жайнап кетті. Беттеріне жан жүгірді.

Ағайынды екеу өмірлерінде осындай бақытты сәттер болғанын, болмағандығын да естеріне түсіре алмай, ерекше толық, қуанып, отырғандарында үстеріне жасы елулер шамасындағы, соған қарамастан әлі өнді көрінетін қараторы әйел кіріп келгені.

ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНДА ҚАЗА ТАПҚАН ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫҚ...

Қызылорда қаласында тарихи әрі тағылымды шара – Тәжік-Ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерді еске алу рәсімі өтті. Бұл – ел үшін жанын қиған батырларға тағзым етіп, олардың ерлігін көлер ұрпаққа үлгі ету мақсатындағы маңызды шаралардың бірі.

Жиынға Тәжік-Ауған соғысының ардагерлері, қала тұрғындары, жастар, мектеп оқушылары мен қала әкімдігі өкілдері қатысты. Қалалық мешіттің имамы жауынгерлер рухына Құран бағыштап, батырлар есімі үшін дұға жасады.



Салтанатты шарада Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Еркебай Ғалымжан сөз сөйлеп:

«Бұл соғыс – тарихта мәңгі жазылып қалған тағдырлы кезең. Батырлардың алдында кімде-кім болсын, басын иіп, тағзым етеді. Олар – шынайы ерліктің символы», – деп атап өтті.

Жиналғандар бір минут үнсіздік жариялап, ерлікпен қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етті. Ескерткішке ардагерлер атынан гүл шоқтары қойылып, шынайы құрмет көрсетілді. Шара соңында соғыс ардагерлері естелік ретінде ескерткіш жанындағы алаңға тал отырғызып, болашаққа үміт пен бейбіт өмірдің нышанын қалдырды.

Тәжік-Ауған шекарасындағы соғыс – тарих бетінде 1992–2001 жылдар аралығында Тәжікстанда орын алған азаматтық соғыс бүкіл Орталық Азия аймағына қауіп төндірді. Сол қиын-қыстау кезеңде Қазақстан Республикасы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында ТМД елдерінің бірлескен шешімімен өз жауынгерлерін Тәжік-Ауған шекарасына аттандырды.

Олар Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасында бейбітшілік орнату, заңсыз қару-жарақ пен есірткі тасымалына тосқауыл қою, халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді күрделі әрі қауіпті міндеттерді мойнына алды. Бұл операция барысында бірнеше жауынгеріміз ерлікпен қаза тапты. Олардың есімі тарихта алтын әріптермен жазылып, мәңгілік елдің жадында қалды.

Мұндай еске алу шаралары – еліміз деп еңіреген ерлердің рухына тағзым ғана емес, жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, елін сүйетін азамат болып өсуіне үлгі болары сөзсіз.

Қ.ҚҰЛМИШЕВА

«СТУДЕНТТІК АССАМБЛЕЯ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Kyzylorda Hub» коворкинг орталығында «Жасанды интеллект: оның мүмкіндіктері мен әлеуеті» тақырыбында бірінші секция жұмысы өтті.

Еліміздің өзге өңірлерінен келген Ассамблея жастары мен жалпы қатысушылар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Kyzylorda Hub» орталығының жобаларымен танысты.

Секция барысында жастар мен сарапшылар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастардың рөлі, кәсіпкерлік пен көшбасшылықты дамыту мүмкіндіктері, сондай-ақ жастар саясатының өзекті мәселелері туралы пікір алмасты. Шараны Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы «Ассамблея жастары» ұйымының төрағасы Елена Пак жүргізді.

Қызылорда университеті кәсіпкерлік орталығының басшысы Ж.Түбекбаев құттықтау сөз сөйлеп, негізгі спикерлердің бірі, «Grand Programming» ЖШС-нің директоры, IT Park-тің сенімді басқарушысы Алмат Жомартұлы жастардың қоғамдағы белсенділігі мен даму жолдарына тоқталды.

Секция жұмысына Ғылым және білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан қатысып, ҚХА 30 жылдығымен құттықтап, министрлік тарапынан жастарды қолдау бағыттарына тоқталып өтті.

Сонымен қатар форум аясында «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаевтың қатысуымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанынан құрылған «Студенттік Ассамблея» орталығының ашылып, оның төрағасы болып, өңірлік «Ассамблея жастарының» белсендісі Исмаил Махадинов тағайындалды.

Ал Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Бейбітқұл Керімова университет қабырғасында «Студенттер Ассамблеясының» орталығының ашылуымен құттықтап, жаңа бастамаларға сәттілік тіледі.

Секция қорытындысымен қатысушылар тарапынан бірқатар ұсыныстар беріліп, жастар бастамаларын жүзеге асырудың жаңа жолдары талқыланды.

ИСПРАВЛЕНИЕ

В газете «Акмешіт акшамы» №12 от 23 марта 2025 года были опубликованы «Тарифы на оказываемые услуги ГПП на ПВХ «Қызылорда су жүйесі» «согласно приказа Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК Кызылординской области № 09-ОД от 20 марта 2025 года, вводимые 01 мая 2025 года». В первой строке пункта 4 таблицы вместо в слов «тариф за 1м³ с НДС 12%» читать «тариф за 1 м³ без НДС (тенге)»

ПРОФЕССОР ҚОЖАМБЕРЛИЕВТІҢ 70 ЖАСЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде философия ғылымдарының докторы, профессор Баймырза Қожамберлиевтің 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шарада университеттің Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Берібаева профессордың білім саласының дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Конференцияда философия ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақ философиясы» Ғылым және білім орталығының директоры Гүлжихан Нұрышева, ҚР ҒЖБМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты философия орталығының директоры Серік Нұрмұратов, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Дәулетбек Раев, «Қазақ әлемі» республикалық қоғамдық бірлестігінің вице президенті Бәкірұлы Әбдірашит, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Лесхан Асқар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық



университеті философия кафедрасының профессоры Ғазиз Телебаев, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты Гүлзипа Есиркепова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының аға оқытушысы Болат Апенев баяндама жасады.

Жиынға университет ұжымы, мерейтой иесінің әріптестері, құрметті оқытқыштар мен студенттер қатысты.

Баймырза Қожамберлиев 1997 жылдан бастап университеттің «Философия және экономикалық теория» кафедрасына доцент ретінде шақырылды. Ғылыми-педагогикалық қызметінде белсенділік танытып, 1998–2008 жылдар аралығында «Философия және мәдениеттану» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2008–2012 жылдары «тарих және қазақ филологиясы» факультетінің деканы қызметінде жоғары білім беру саласына жаңашылдықтар енгізіп, білім сапасын арттыруға атсалысты. 2020 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры ретінде ұстаздық етіп келеді. Оның ғылыми ізденістері мен оқыту әдістері философия саласының дамуына айтарлықтай үлес қосып, көптеген студенттер мен жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына ықпал етті. Профессор тек білім беріп қана қоймай, шәкірттеріне ой еркіндігін, сыни көзқарасты, ғылыми ізденісті де үйретіп келеді.

Ғалымның 5 кітабы, 200-ден астам ғылыми әдістемелік мақалалары бар.

ҚОСШЫҢЫРАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ОРЫНБЕКОВ АЛМАС НҮРБОЛАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

1984 жылы 28 қыркүйек күні Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінде дүниеге келген. Жоғары білімді.

2006 жылы «Отырар» университеті (бұрынғы Халықаралық Қазақ-Араб университеті) мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2007–2010 жылы Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті әкімінің аппаратында техник, оператор болып бастаған.

2010 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің жетекші маманы.

2011–2013 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің заңгері.

2013–2015 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің жетекші маманы.

2015–2017 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің балалардың құқығын қорғау маманы.

2017 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің заңгері.

2017–2019 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің орталықтандырылған бухгалтериясының Жалпы бөлімшесінің басшысы.

2019 жылы Қызылорда облыстық филармониясының заңгер-консультанты.

2019–2020 жылы Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығының Өкімшілік және персоналды басқару қызметі бөлімінің басшысы.

2020–2021 жылы Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің бас маманы.

2021–2024 жылы Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру - инспекторлық бөлімінің бас инспекторы.

2024 жылдың 18 шілдесінен бастап осы кезге дейін Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Отбасылық жағдайы – үйленген.

Қосшыңырау ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер Орынбеков Алмас Нұрболатұлының сайлауалды бағдарламасы

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ:

-ауылдық округ тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашу. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпалды болу.

Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлап, тиісті мамандық иелерін еңбекпен қамтуға жағдай жасау;

- кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қатар жергілікті бюджеттің нығаюына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізеді. Осы ретте, заман талабына икемделген шағын және орта кәсіпті дамыту бағытында жұмыс жасап, тұтынушылардың ең қажетті деген тауарларын өндіру бағытында тың идеяларды іздестіру және оны жүзеге асыру;

-кәсіпкерлікті дамыту бағытының оңтайлы жолдарының бірі инвесторлар тарту бойынша жұмыс жасау.

САЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ:

-ауылдық округ бойынша салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да төлемді міндеттердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау;

-ауыл шаруашылығын жүргізудің озық үлгілерін қолдану бағытында жұмыс жасау.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БОЙЫНША ИНФРАҚҰРЫЛЫМ:

-ауылдық округтегі жөнделуді қажет ететін көшелер бойынша жұмыстарды жандандыру;

-ауылдық округ аумағын жарықтандыруды жалғастыру,абаттандыру, көгалдандыру, аяқ су және санитарлық тазарту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;

БІЛІМ БЕРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ:

- Ұлт болашағы – балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасау;

- ауылдық округ тұрғындарымен бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу;

- жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыру;

-құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

-ауылдық округте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейне бақылау камераларын орнатуға жұмыс жасау;

- ауылдық округтегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;

-жастардың деструктивті діни ағымға еріп кетпеуі мақсатында танымал теологтарды шақырып, семинарлар ұйымдастыру.

АШЫҚ ӨКІМДІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ:

- Ауылдық округ әкімдігінің қызметін халық үшін өзекті және тұрмыстық мәселелерді қарауына алу мақсатында «Facebook» парақшасын кеңінен пайдалану, «Ақсақалдар алқасы» мүшелерімен отбасы құндылықтарына бітімгершілік бағытын жандандыру, мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың жағдайына сөйкес қабылдаулар мен кездесулер өткізу. Сондай-ақ тұрғындармен тікелей байланыс орнатудың барлық мүмкіндіктерін жасау.

КӘСІПКЕ АЙНАЛҒАН ГРАНТ

НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ ТАБЫСТЫ ЖОБАЛАРЫ

Қызылорда қаласында мемлекеттік гранттардың арқасында өз кәсібін бастап, табысқа жеткен жеке кәсіпкерлер саны артып келеді. 2024 жылы осал топтағы азаматтарға 400 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде 520 мемлекеттік грант бөлінген. Бұл гранттар көп балалы аналар, мүгедектігі бар азаматтар мен ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар үшін үлкен мүмкіндікке айналды.

Қызылорда қалалық «Мансап» орталығының директоры Қаспалық Төлегеновтың айтуынша, былтыр грант иегерлерінің ішінен, екіншіше орай, 97 азаматтың қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны анықталған. Осыған байланысты тиісті шаралар қабылданып, істер сотқа беріліп, мемлекетке қаражатты қайтару шешімі шығарылған.

Алайда, бұл мемлекеттік қолдауды дұрыс пайдаланып, кәсібін дөңгелеткен азаматтар да аз емес. Мысалы: «Қыз жасауы» жобасы — Прекеева Жанар Махсатқызының бастамасы. 2024 жылдың мамыр айында «Бастау Бизнес» жобасы аясында онлайн оқудан өтіп, 1 476 000 теңге көлемінде мемлекеттік грант ұтып алған. Қазіргі таңда Жанар ханым жеке кәсіпкер ретінде «Қыз жасауы» бұйымдарын дайындаумен айналысады. Кәсіпкер шикізатты Қытай мен Түркиядан алдырады. Алматы қаласынан арнайы аппарат сатып алынған, ол 338 түрлі дизайн жасауға қабілетті. Қазіргі өзінде бұл өндірісте 14 әйел жұмыс істейді, оның үшеуі үйде тігін тігумен айналысады. Атырау, Ақтау, Құлсары қалаларынан көптеп тапсырыс түседі. Жоба «Мансап» бағдарламасымен де тығыз байланысты,

жұмыссыз азаматтар кәсіпкердің өз шеберханасында оқытылып, іске тартылады.

«Аква өлем» жобасы — Алимбаева Асем Сағатовнаның жеке бастамасы. 2024 жылдың шілде айында «Бастау Бизнес» арқылы оқудан өтіп, дәл сол жылы 1 476 000 теңге көлемінде грант иеленген. Бұл жоба кәсіпкердің жеке қызығушылығынан туған. Бүгінде Қызылорда қаласында балалар мен мектептер арасында аквариум балықтарына сұраныс жоғары. Кәсіпкердің аквариумда 30-дан астам балық түрі бар. Ең алыс жеткізу тапсырысы Павлодар қаласына орындалған.

«Кондитерлік цех ашу» жобасы — Шамаханова Гүлфира Нұрсұлтанқызының бастамасы. Көп балалы ана ретінде 2023 жылдың наурыз айында грант ұтып алып, 1 380 000 теңге көлемінде қаражат алған.

Қазіргі таңда тәтті торттар мен жартылай фабрикат өнімдерді дайындаумен айналысады. Оның өнімдеріне қала көлемінде жоғары сұраныс бар, әсіресе той-жындарға тапсырыстар көптеп түседі.

Биылғы жылы да 476 мемлекеттік грант жоспарланып отыр. Сәуір-мамыр айларында жаңа грант иегерлерін анықтайтын комиссия жұмысын бастайды. Бұл — өз кәсібін бастағысы келетін азаматтар үшін үлкен мүмкіндік.

Қорытындылай келе Қызылорда қаласында кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін осал топ өкілдеріне жасалып жатқан қолдау нақты нәтижесін беруде деуге болады. Мемлекеттік гранттардың тиімді пайдаланылуы қала экономикасының дамуына да оң әсерін тигізіп отыр.

Қазына ҚҰЛМИШЕВА

"Акшамның асханасы"

ДӘРУМЕНДІ КӨКТЕМ

РЕДИСКА САЛАТЫ

Қажетті заттар: руккола, шпинат, латук, 4-6 түйір редиска, 1 түйір қияр, 1 түйір авакадо, 150гр. иогурт, 2 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық лимон сөлі, тұз бен бұрыш татымына қарай.

Дайындалуы: Редисканы дөңгелекше етіп тураймыз. Қиярды, авакадоны қалай турау өз еркіңізде. Барлығын кең ыдысқа салып араластырамыз. Үстінен лимон сөлін, зәйтүн майын, иогурт, тұз, бұрыш қосып, әбден араластырамыз.

Бұл салат А,С,К дәрумендеріне толы болғандықтан иммунитетті көтереді.



ҚАРТОП КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 500гр. картоп, 1 бас жуа, 1 ас қасық ұн, татымына қарай тұз, бұрыш, өсімдік майы.

Дайындалуы: Картопты қайнатып, пісіріп аламыз. Содан соң



картоп езбесін жасаймыз. Жуаны майдалап турап, алтын түске келгенше қуырамыз. Жуаны картоп езбесіне араластырамыз, тұз, бұрыш салып, әбден араластырамыз.

Шағын котлет дайындап, қызарғанша өсімдік майына қуырып аламыз.



Дайындалуы: Брокколи мен түрлі-түсті қырыққабатты жік-жігімен бөліп, тұзды суда дайын болғанша 5-7 минут шамасында қайнатамыз. Содан соң суын төгіп, салқындатамыз.

Қырыққабаттарды блендерден өткіземіз, немесе ұсақтап тураймыз. Жуа мен сарымсақты ұсақтап турап, қуырамыз. Қырыққабатқа көкөністерді, жұмыртқаны, сұлы үлпіршегін, тұз бен бұрышты қосып, араластырамыз. Котлетті дайындап, табадағы өсімдік майына қуырып аламыз.

ЖАСАМЫҚ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 200гр. қызыл жасамық, 1 бас жуа, 2 тіс сарымсақ, 2 ас қасық қаптама кептірілген нан ұнтағы, татымына қарай тұз бен дәмдеуіштер. Қуыруға өсімдік майы.



Дайындалуы: Жасымықты жұмсарғанша қайнатамыз. Жуа мен сарымсақты ұсақ етіп турап, қуырып аламыз. Жасымықты қуырылған көкөністермен, қаптама кептірілген нан ұнтағымен, тұз, дәмдеуіштермен араластырамыз. Котлетті қызарғанша қытырлақ етіп қуырып аламыз.



ЖЕМІС САЛАТ

Қажетті заттар: 2 алма, 2 алмұрт, 2 апельсин, 2 банан, 1 киви, 2 ас қасық бал, 2 ас қасық лимон сөлі, әсемдеу үшін жалбыз.

Дайындалуы: Жемістердің бәрін тазалап, кубик етіп тураймыз. Лимон сөлі мен балды араластырып, жемістердің үстінен құямыз. Содан соң жалбызбен әдемілейміз.

Дайын болғаннан кейін бірден жеген дұрыс.

СПАРЖЫ СОРПАСЫ

Қажетті заттар: 500гр. спаржы, 2 түйір картоп, 1 түйір бас жуа, 2 тіс сарымсақ, 700 мл. көкөніс сорпасы, 100мл. кілегей, дөміне қарай тұз бен бұрыш, 30гр. сары май.

Дайындалуы: Картопты ұсақ кубик етіп тураймыз. Жуа мен сарымсақты сары майға қуырып аламыз. Үстіне картопты қосып, тағы 5 минуттай қуырамыз. Көкөніс сорпасын құйып, қайнатамыз. Тазартылған, туралған спаржыны қосып 15 минуттай қайнатамыз. Содан соң сорпаны блендерге құйып қоймалжыңға айналғанша айналдырамыз. Үстіне кілегей құямыз. Тұзын, бұрышын саламыз.

Бұл сорпада В тобындағы дәрумендер, фолий қышқылы, талшықтар бар болғандықтан ішек құрылысына өте пайдалы.



СӘБІЗ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 300 гр. сәбіз, 1 жұмыртқа (немесе 2 ас қасық зығыр ұнын суға араластырып пайдалануға болады), 2 ас қасық жарма ұнтағы (манная крупа), татымына қарай тұз, дәмдеуіштер, қуыруға өсімдік майы.



Дайындалуы: Сәбізді майда үккіштен өткіземіз. Жұмыртқа, немесе зығыр ұнын, жарма ұнтағын, тұз бен дәмдеуіштер қосып, әбден араластырамыз. 10 минут тұндырып қоямыз. Содан соң котлет жасап, өсімдік майына қуырып аламыз.

ҚЫЗЫЛША КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 500гр. қызылша, 1 бас жуа, 2 тіс сарымсақ, 2 ас қасық жарма ұнтағы, қуыруға өсімдік майы, татымына қарай тұз бен дәмдеуіштер.



Дайындалуы: Қызылшаны жұмсарғанша қайнатамыз, майда үккіштен өткіземіз. Жуа мен сарымсақты майдалап, сарғыш түске қуырып аламыз. Қызылшаны жуамен, сарымсаққа араластырып, жарма ұнтағын тұз бен дәмдеуіштерді қосамыз. 15 минут тұндырып қоямыз. Котлетті қуырып аламыз.

ҚЫРЫҚҚАБАТ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 500гр. қырыққабат, 1 жуа, 2 жұмыртқа, немесе 4 ас қасық суға былғанған зығыр ұны, 2 ас қасық жарма ұнтағы, тұз бен бұрыш дөміне қарай, қуыруға өсімдік майы.



Дайындалуы: Қырыққабатты ұсақ етіп тураймыз. Тұз қосып, шамалы 10 минутқа қоямыз. Жұмсарады. Бөлінген сөлінен сығып аламыз. Жуаны да майдалап тураймыз, қуырамыз.

Қырыққабатты қуырылған жуамен, жұмыртқамен, жарма ұнтағымен, тұз бен бұрышпен араластырамыз. Котлет жасап, өсімдік майына қуырып аламыз.



БАЗИЛИК СОЛПАСЫ

Қажетті заттар: 600гр. қызанақ, 1 түйір бас жуа, 2 тіс сарымсақ, 500 мл көкөніс сорпасы, 2 ас қасық зәйтүн майы, балғын базилик, 1 шай қасық қант, тұз бен бұрыш татымына қарай.

Дайындалуы: Жуа мен сарымсақты майда кубик етіп тураймыз. Жуа мен сарымсақты зәйтүн майында қуырамыз. Қызанақты, қантты, тұз бен бұрышты қосып, 10 минут бұқтырып қоямыз. Содан

соң көкөніс сорпасын құйып, қайнатамыз. Сорпаны блендерге салып, біркелкі қоймалжыңға айналғанға дейін айналдырамыз.

Сорпаны ішер алдында жылытқан дұрыс. Үстіне ұсақ туралған базиликті қосамыз.

КӘДІ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 400 гр. кәді, 1 жұмыртқа, 2 ас қасық сұлы үлпіршегі, татымына қарай тұз, бұрыш, қуыруға өсімдік майы.



Дайындалуы: Кәдіні ірі үккіштен өткізіп, суынан сығып аламыз. Жұмыртқа, сұлы үлпіршегін, тұз, бұрыш қосып, араластырамыз. Котлет жасап, қызарғанша қуырамыз.

ҚАРАҚҰМЫҚ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 200гр. қарақұмық жармасы, 1 бас жуа, 1 сәбіз, 2 ас қасық ұн, тұз бен дәмдеуіштер дөміне қарай, қуыруға өсімдік майы.



Дайындалуы: Қарақұмықты қайнатып, пісіріп аламыз. Ұсақ туралған жуа мен үккіштен өткен сәбізді қуырып аламыз. Қарақұмықты көкөністерге араластырып, ұн, тұз, бұрыш қосып, әбден араластырамыз. Котлет жасап, қызарғанша қуырып аламыз.

КҮРІШ КОТЛЕТІ

Қажетті заттар: 250гр. қайнап, піскен күріш, 1 жұмыртқа немесе суға былғанған 2 ас қасық зығыр ұны,



1 шағын сәбіз, 1 бас жуа, тұз бен дәмдеуіштер дөміне қарай. Қуыруға өсімдік майы.

Дайындалуы: Барлығын араластырып, котлет жасап, қызарғанша қуырып аламыз.

КӨК АЛМА СМУЗИ

Қажетті заттар: 1 түйір көк алма, 50гр. шпинат, 1 түйір банан, 150мл. су, қалауына қарай 1 шай қасық бал.



Дайындалуы: Алманы қабығынан, ортасынан тазалаймыз, ірі бөліктерге бөлеміз. Барлығын блендерге салып, біркелкі қоймалжыңға айналғанша араластырамыз. Содан соң стаканға құйып іше береміз.

Бұл смузи С, К дәрумендеріне, магнийге бай болғандықтан иммунитетті нығайтып, бойдағы қуатты арттырады.

НҰРСҰЛТАН АЛТЫНБЕК – ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ!



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық білім беру бағдарламасының студенті Нұрсұлтан Алтынбек Бразилияда өткен Әлем кубогында жеңіске жетіп, алтын медаль иеленді! 55 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Нұрсұлтан жарыстың финалдық кезеңінде өзбекстандық спортшы Мирзахалилов Мираризбекті айқын басымдықпен жеңіп, ел намысын абыроймен қорғады. Бұл жеңіс – оның тынымсыз еңбегінің, ерік-жігері мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қызылорда қаласы әкімінің 2025 жылғы 2 сәуірдегі №12 қаулысына сәйкес «2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымын аяқтау және қаланың жылу желілерін жоғары қысыммен сынақтан өткізу туралы», «Қызылорда жылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны келесі ақпаратты хабарлайды: 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымы Қызылорда қаласында 2025 жылғы 7 сәуірде сағат 00:00-де аяқталады. 2025 жылғы 7 сәуір мен 7 мамыр аралығында қаладағы жылу желілерінде гидравликалық тығыздық сынақтары жүргізіледі: • **Магистральдық жылу құбырлары** – қысымы **16 кг/см²** дейін. • **Ауданаралық жылу құбырлары** – қысымы **12 кг/см²** дейін. Сондай-ақ, қаланың солтүстік бөлігінде жылу тасымалдағыштың максималды температуралық

сынақтары өткізіледі. Қауіпсіздік шараларын сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында: • Сынақ жүргізу кезінде жылу магистральдарының маңында бөгде адамдардың жүруіне қатаң тыйым салынады. • Көппәтерлі тұрғын үйлердің басқару органдары (КСК) және басқа да жылу энергиясын тұтынушылар ішкі жылу жүйелерін сыртқы жылу магистральдарынан сенімді түрде ажыратуға міндетті. Жылу құбырларындағы судың ағуы немесе зақымдануы анықталған жағдайда, шұғыл түрде келесі диспетчерлік қызметтерге хабарлау қажет: • «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» диспетчерлік қызметі: 25-01-04 • Ұялы телефон: 8-776-869-20-53 • Қалалық коммуналдық



шаруашылықтың диспетчерлік қызметі: 109 2025 жылғы 10 сәуірге дейін «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» жылу желілерінің филиалына ішкі жылу жүйелерін ажырату талаптарының орындалғаны туралы кепілдік хат ұсыну қажет. Ішкі жылу жүйелерін сенімді түрде ажыратпаған жағдайда, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын туындаған салдарға жауапты болмайды. «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» МКК әкімшілігі